

Циклдік хронотип мәңгілік қайталау мен әлем уақыты мен кеңістігінің қайталануын баса көрсетеді. Шығармада Арман мен Отто уақыты мен кеңістігі қайталанып отырады. Әңгіменің циклдік уақыты мынандай қорытынды жасайды:

Адамдар дүниеге келеді және дүниеден өтеді, тұрмыстық заттар мен нәрселер ойлап шығарылады, одан соң жарамсыз болып қалады. Табиғат та, адам да – барлығы өзгереді. Алайда, тек өзгеріс үдерісінің өзі өзгермейді, адам өмірінің осны өзгермейді. Мұның барлығы уақыт ағымында болады. Бұл уақыт тұрақты және өзгермейді, сонымен бірге, болып жатқан өзгерістерден тәуелсіз, керісінше, өзгерістерді болдыруға шарт жасайды. Жазушының «Гитлерюгенд» шығармасы дәл осындай ойларды тастап отырғандай.

Осы циклдік уақыт кеңістігі ретінде жазушы табиғи ортаны алады. Қаламгер туындысында қоғамда болып жатқан өзгерістердің өзгеріссіз қайталанулардың геометриялық кеңістіктерін былай көрсетуге болады.



Шығармадағы бұл кеңістік пен циклдік уақыт қатерлі жазымыш, тағдыр немесе өмірдің шынайы, өтіріксіз келбетін бейнелеп тұрғандай. Бұл тұста, автор кейіпкерлерге уақыт пен кеңістікті анықтап береді, сондықтан, бұл әңгімеде кейіпкерден ештеңе сұралмайды.

Арманның өлім құшағына еніп бара жатқан тұсындағы уақытты мәңгілік хронотип деп алуға болады. Себебі, уақыт тоқтап қалады. Ал кеңістік бір нүктеде тоғысады. Әңгімеде тоғысқан кеңістік ретінде батып бара жатқан күн шуағын бөленген табиғат деп аламыз. Шығармадағы мәңгілік уақыт трагедия нышанын нұсқап тұрғандай.

Тұжыра айтқанда, қазіргі қазақ әдебиетінде әлемдік әдеби үрдістегі жаңашылдықпен жазылған туындылардың бар екендігін байқаймыз. Бұған қаламгер Серік Сағынтайұлының жекелеген шығармаларын талдау барысында көз жеткіздік деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

1. Эко У. Поэтика открытого произведения. – Москва, 2004. – 122 б.
2. Сағынтай С. Гитлерюгенд. <http://adebiportal.kz/kz/news/view/11024>
3. Шапай Т. <http://qazaqadebi.kz/9050/t-rsynzhan-stanymy>
4. Савельева В. Художественный текст и художественный мир. – Алматы: Дайк-Пресс. – 1996. – 191 б.

Қамиева А.Г., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, Қж – 22 тобы, студент
(Ғылыми жетекші – г.ғ.м., аға оқытушы Кенжебекова.Ж.А.)

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ: ТҰЛҒА ЖӘНЕ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қоғамдық даму өткен өмір жолын, тұмса тарихты терең зерделемей, келешекті кеңінен болжамай жүзеге аса қоймайды. Бүгінде қалың бұқараның ұлттығымыз бен мемлекеттігіміздің бастау қайнарларына ерекше ден қойып, ықылас танытып жатқаны сондықтан. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты терең мазмұнды, тағылымы мол мақаласын жариялап, қалың жұртшылықты бір серпілтіп тастады. Тарихымыздың жеті қырын атай отырып, Елбасымыз өткенімізді тарих тұғырынан бағамдап, терең зерделеуге үндеп отыр.

Әр кезеңде, ел іргесінен жау арылмаған, ел ішінен тыныштық қашқан аласапыран жылдары мен жер үшін жан қиған бағзы бабаларымызға, боздақтарымыз бен саңлақтарымызға, рухани дүниелерімізді қалыптастырған ойшылдарымыз бен қайраткерлерімізге өскен ұрпақтың атынан мың

мәрте тағзым етіп, құрмет көрсетілуде. Осындай жан қуантар жақсы құбылыстар халқымыздың қашаннан бергі қара орыны саналатын Сарыарқа төсінде де өте көп.

Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Осы бір дүниенің аясында көптеген игі істер мен жасампаздар жастарға арналған көптеген ғылыми жұмыстар жасалынылып жатыр. Енді ілкіде айтқанымдай конференцияның өзекті мәселелерінің бірі болып саналатын, үшінші: "Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары мен киелі жерлері", деп аталатын секциясы бойынша өз ғылыми - жұмысым бойынша қарастырамын. Алғы сөзді Тарихтан тәбәрік деп бастап, қазіргі Жаңаарқа жерінде 1916 жылғы маусым жарлығына қарсы жергілікті халықтың бас көтеруі және халықтардан майдан тылындағы қара жұмысқа адам алу туралы жарлығына қарсылық көрсетіп, халыққа көрсетілетін езгілікке ерлікпен қарсы тұрған, көтеріліс басшысы Ақмурзин Ақмағанбет Омарұлы туралы парқтайтын боламын.

Жарлық жарияланысымен, патша үкіметі арнайы парақшалар таратып, ел арасында үгіт-насихат жүргізе бастады. Ауыл ақсақалдарының арасынан ақ патшаға адалдығын білдіріп, жарлықты жан-тәнімен қолдайтындары жазылған жағымпаздық жалған хаттар жолданды. Болыстар мен ауыл старшындарына қара жұмысқа жарамды 19 бен 31 жас аралығындағылардың тізімін жасап, адам саны жетіспесе, жасы 31-ден асқандарды да жинау жұмысы міндеттелді. Ережеге сәйкес, елубасыларға ауыл съездерінің бекіткен нұсқауын алысымен, тізімдегі халықты жинап, оларды ауыл старшынына тапсыру міндеттелген-ді. Старшындар қара жұмысқа шақырылғандарды болыс орталығындағы жиын орнына жеткізіп, болыс басқарушысымен бірге әрі қарай, орталықтағы жинауорнына жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс болатын.

Қазақ жастарын майданға тыл жұмысына алу жөніндегі патша жарлығы халықтың шыдамын біржола тауысып, олардың отарлау езгісіне қарсы көтерілуіне себеп болды. Әбден ашынған далалықтар жаппай атқа қонып, Ресей империясының езгісіне қарсы күреске шықты. Елде болыстық басқармаларды талқандау, ауыл старшындарын, қатыгез байлардың иеліктеріне шабуыл жасау, жер жөніндегі құжаттарды, алым-салық қағаздарын жойып жіберу секілді ашу-ыза әрекеттері орын алды. Ел адамдары сойыл, кетпен, шалғы, мылтық, қылышпен қаруланып, орыс әскеріне ашық қарсы шықты.

1916 жылғы далалықтардың жаппай атқа қонысуының себебі – I дүниежүзілік соғысқа қажетті қара жұмысшылар алуға қарсылық болғанымен, негізгі себеп – орыс өктемдігіне, қарапайым халықтың құқықсыздығына негізделген еді. Тағы бір ескеретін жағдай: Ресейдің мұсылман мемлекеті Түркиямен соғысуын халықтың діндар бөлімі құптамаған еді.

Бүкіл қазақ даласын шарпыған көтеріліс өрті тым ұлғайып бара жатқан соң орыс патшалығы тарапынан Омбыдан Ақмола, Атбасар, Қызылжар уездеріне әскерлер жіберілді. Ұлытауда 7 мыңдай көтерілісшілер топталғанын естісімен тағы 2 рота жаяу әскер, бір жүздік, 1 рота және запастағы 33-ші Сібір атқыштар полкі бөлінді. Әр отрядқа басқа қару-жарақтардың үстіне 2 пулеметтен берілді.

Бүкіл Қазақстандық сипатқа ие болған осындай көтеріліс, қанды шайқас, қайғылы оқиғалар, қыршыны қиылған тағдырлар, тоз-тозы шыққан тіршілік, босқын халық Жаңаарқа жерін, оның ішінде Қараағаш өңірін қамтыды. Көтеріліс басшысы болған, ел арасында «Бала Омар», «Әділ Омар», «Тақыр Омар» деген лақап аттарымен белгілі болған Ақмырзаның Омары 1868 жылы дүниеге келіп, 1920 жылы қайтыс болған. 1916 жылғы Қараағаш (Айғыржал) көтеріліс басшысы болған. Бейіті Жаңаарқа ауданына қарасты Ералиев селолық округінің орталығында.

1905 жылы сайлауға түскен Омар 1906 жылы 14 мамырда Қараағаш болысының басқарушысы болып бекиді. Бірақ, 1908 жылдан бастап болыстықтың билігі қайтадан Шоңның балалары Ахметжан мен Мұхаметжанның қолына көшеді.

1911 жылы орыс патшалығының реформаларына сәйкес Ақмола уезіндегі болыстықтар бөлшектенгеннен кейін Қараағаш болыстығынан 4 ауыл бөлініп шығып, Көнек болыстығы құрылады. Жаңа болыстықтың билеушілігіне Ақмырзаның Омары, орынбасарлығына Мәлтіктің Есжаны сайланады.

Көтеріліс жөнінде Сәкен Сейфуллин былай деп жазды: «...Патша әскері Тақыр Омар деген кісіні іздеп таба алмай жүрді. Бұл кісі Көнек Тоқасы деген бір елдің басшысы еді. Бұл ел топтанып іргесін аулақ салып, жастарды бермей жатты. Қаладан неше рет әтірет шығып, мұны ұстай алмай қайтып жүрді. Ауылына алған барған әтірет сегіз солдат, бір әпесерді Тақыр Омар түгел өлтіріп құдыққа тастап, елді көшіріп әкетті. Тақыр Омардың інісін солдаттар шауып өлтіріпті. Соғыста Тақыр Омардың үлкен баласы Ақмағанбет оқтан жығылыпты.

Сөйтіп, патша орнынан түскенше Ақмолаға қараған 48 болыс қазақтың қаладан қашық отырғандары жастарын әскер қызметіне бермей жатты».

Әдебиетші, кезінде облыстық газет редакторының орынбасары қызметін атқарған нұралық Әкімжан Сәлімбайұлы 1926 жылы «Бостандық туы» газетінің 9 маусымдағы санында «Сарыарқа болысындағы көтеріліс» атты мақала жариялап, оқиғаны былай суреттеді:

«Ауылнай, болыстарды шақырып алып, қамшымен бұйрықты қатар жұмсап, елдің барлық жылқысын жиғызып, аршынға жараған байдың балпаңын, жарлының жалғызын ала бастады...

Ізін суытпай, қазақтан қара жұмысқа кісі берсін деген бұйрық жетіп келді. Ат алғанға қозғалған елдің жүрегі енді аузынан шықты, солдат сұраған екен деп шошыды. Болыстар ұлықтығын істей бастады. Оған ел, көпшілік көнбеді. Жанжал болды, болыс, тілмәш, ауылнайлардың қағазын тартып алды. Өздерін атқа сүйреп, сабап, ақыры тұтқын қылды. Кісі, тізім бермейтіндікке бекінді. «қарсы тұрамыз, қасық қанымыз қалғанша патшаның, төрелердің әлсіздігіне көнбейміз» деген бірлікті күшейтті. Қысқасы, соғысуға бет түзеді. Өзара бастық сайлап, ретпен соған бағынды. Осы күнгі Сарыарқа болысы (ескіше Көнек, Қараағаш) деген елден екі мыңдай кісі әскерлік сабына тізілді. Басқа жақтан өзі тіленіп келгені бар. Бәрі үш мыңнан артық кісі болды. Қыркүйек айының іші. Аймысық деген таудың бауырында көп қосын шеру тартып жатты. Қолдарындағы қаруы: машина, сабанның темірінен ұсталарға соқтырған айбалта, найза, кейбіреулерінде бытыралы мылтық, қынапсыз ескі қылыш. Бұл уақытта осы күнгі Қорғалжын болысы (Тінәлі деген ел) бір приставты Рақымжан деген азаматтың басшылығымен өлтірген. Соған 800 солдат шықты деген хабар келген.

Оның артынан бірталай қазақтардан ұстаған тұтқындары бар 200 солдаттың келіп қалғанын білді. Алдынан қазақ әскері қарсы шығып, енді соғыс басталды... Мылтықтың оғы бұршақтай түсіп, түтіні тұмандай болды. Әлі қазақ қайтқан жоқ. Алдымен Әбілдабекұлы деген бір азамат жетіп барып, найзаны сала бергенде, өкпеден тиген көп оқтың күшімен қалпақтай түсіп, онымен қоса, опыр-топыр қазақтар құлап қалды. Қазақтар кейін серпілді. Санап келгенде, өлген аттан есеп жоқ, жиырмаға жуық кісі өліпті.

Орыс та сасайын деді. Қысқасы, осымен шөлге екі күн қамады. 3-күні артындағы 500 солдат ел шегіне келіп қалды деген хабар келді. Енді әлінің келмейтінін білді ел, әскер тарап, елді көшіріп, Шуға қарай қашуға бет түзеді. Бір күн, бір түн тоқтамай көшіп, «Ескене» деген жерге барғанда, алдыңғы 500-дің алды қуып жетті. Соғысарлық шама жоқ, әскер тараған, ел қашып құтыла алмады. Орыс түгел жетіп, қалған елді түгел тұтқынға алды.

Алғашқы соғыстан бері қарай, таудың, саланың бәрі орыс, кез келген қазақ баласының қоянша секіріп өліп жатқанының саны жоқ. Ел малдан, жаннан безді. Өке баладан айырылды. Қашаған-ақ болды. Қашпағаны мылтық пен қылыштың жүзінде қор болды... Хан болдың деп, елдің бас көтеретін, (Әлсен, Оспан тағы бірнешелерін) тұтқын қылып, Ақмоланың қаласына алып кетті...

Ел адамы «Әлсен» деген кісі ұрумен абақтыда өлді. Басқалары да елге келген соң адам қатарына қосылмады

1916 жылғы көтерілістің кейінгі кезеңі Омардың Ақмағанбеті

Ақмағанбет 1889 жылы туған, 1980 жылы дүниеден қайтты. Елге сыйлы, беделді адам болды. 18 жасында Қараағаш көтерілісіне қатысқан қазақ сарбаздарының алдыңғы қатарында соғысты. Орыс әскерімен болған қарулы қақтығыста жамбасына оқ тиіп, ұзақ уақыт михнат көрді. Сол заманғы қазақ зиялыларының көбісімен таныс, силас болды. 1919 жылы Колчактың азап түрмесінен қашып шыққан Сәкен елге келгенде Ақмағанбеттің үйінде болып, дәм ішкендігі туралы мәлімет бар.

Кенес үкіметінің алғашқы жылдары Ақмағанбет Көнек болыстық Ақмағанбет Көнек атқару комитетін басқарады.

Ақмола губерниясы 1921 жылы 25 сәуірде Ақмола уезінің 75 болысынан, Атбасар уезінің 51 болысынан, Көкшетау уезінің 63 болысынан және Петропавл уезінің 44 болысынан құралды. 1923 жылдың қаңтарында болыстарды іріктеу науқаны жүрді. Ақмола уезінде 1924 жылғы қараша айының мәліметі бойынша 19 болыс қана қалды.

1920 жылы Көнек болысының төрағасы болып сайланған Ақмағанбет те үкімет тапсырыстарымен мүлтіксіз орындауға міндетті еді. Алайда ол ауылдастарын ықтиярсыз күштеп, адам төзгісіз ауыр еңбекке жұмылдыруға қарсы болды. 1921 жылы маусым айында қара жұмысқа /трудова я повинность/ адам ұйымдастырмады, ат – шаналық доға жинамады деген айыппен, уездік атқару комитетінің уәкілі Носовтың талаптарын орындамағаны үшін 10 тәулік концлагерде отырады. Әртүрлі жалаларымен аталған жылы қаңтар және сәуір айларында екі рет: 7 және 14 тәулікке

түрмеге қамалып, жазықсыз екендігі анықталғаннан кейін ғана қызметіне оралды. Сол жылғы қараша айында өз меншігіне қоғамдық малды қосып алды деген арыз бойынша ісі сотта қаралып, 6 желтоқсанда толық ақталды. 1928 жылы тағы да түрмеге отырғызылып, кінәсіз екендігі дәлелденгеннен кейін ғана қамаудан босатылады.

Әдебиеттер:

1. А. Жұмаділдин. Жаңаарқа. Дерекнама. «Кенже Пресс Медиа» баспасы. Алматы, 2003ж.
2. Аршабеков Т, Қожахмет М, Исламұлы І. Жер жаннаты – Жаңаарқа. Қарағанды, 2010ж.
3. Қарағанды облысы. Энциклопедия. Алматы. «Атамұра» баспасы, 2006ж.
4. Қахарлы 1916 жыл. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1 том. Алматы. «Қазақстан». 1998ж.
5. Ж.О.Артықбаев, Т.Т.Аршабеков, І.Исламов. «Жаңаарқа тарихы». Қарағанды. ЖШС «Санат» баспасы. 1999ж.
6. С. Сейфуллин. Тар жол, тайғақ кешу. Алматы 1988ж.
7. І.Исламұлы. Жаңаарқа жерінің тарихы туралы мәліметтер. «Жаңаарқа» газеті, 1996ж №19,20
8. І.Исламұлы, С.Балташұлы, Ж.Қызбалаұлы. Қасиетті мекен Қараағаш. Қарағанды: «Гласир», 2009ж.
9. І.Исламұлы, Оспан Ж. Тағдырлы тұлғалар тағлымы. Қарағанды: ТОО «Типография Арко», 2016ж.

Қасымова Г.Қ., Қарағанды «Болашақ» академиясы, заң факультеті, 2 курс, магистрант
(*Ғылыми жетекші — з.ғ.к., Г.Т. Онаева*)

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ КЕМШІЛІКТЕРІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Жақында қашықтан оқыту мүмкіндіктерін зерттеу (осы жүйенің кемшіліктері мен артықшылықтары) көптеген адамдар үшін қызығушылық тудырды. Өйткені прогресс жердегі емес, қазіргі заманғы адам өмірін жеңілдету үшін күн сайын жаңа теория мен бейімделу пайда болады. Сонымен қатар, білім беруді қоса алғанда, барлық салалар қатысады. Жалпы алғанда, Қазақстанда қашықтан оқыту - бұл жаңалық. Ол көптеген адамдарды тартады. Өйткені, сіз мектепте немесе университетке барудың қажеті жоқ – Ғаламторда пайда болуыңыз жеткілікті, шағын авторизациядан өтуіңізге болады, және сіз дәріс алуға немесе сабаққа баруға болады. Балалар мен ересектерге арналған уақытты үнемдеу. Бірақ мұғалімдер ғана емес, сонымен қатар студенттер бірнеше санатқа бөлінген. Біріншіден, мұндай жүйе шынымен де көмектесуге қабілетті, екіншісі оны жоққа шығарады. Сонымен, студенттің қашықтан оқытудың артықшылықтары мен артықшылықтары қандай? Кімге және не үшін сенуге болады?

Әрине, біржақты жауап беру мүмкін емес. Ақыр соңында, біздің қазіргі сұрағымыз барлық заманауи білімнің мәңгілік проблемасы болып табылады. Кейбір жағдайларда қашықтан оқыту көмектеседі. Кейде – көп зиян келтіреді. Мұнда көптеген факторлар ойнайды. [1, б. 10-15].

Мәселен, проза мен кемшіліктерді оқытудың қашықтағы формасы, негізінен, бірдей санға ие. Рөл тек әрбір облыстың маңыздылығымен ғана ойнайды. Мұндай тренингтің артықшылықтары оның әмбебаптығы болып табылады. Мәселе болмаса, кез-келген уақытта студент немесе студент өз біліміне қатыса алады. Өмір тез арада жеңіл дейді. Әрине, бұлар артықшылық. Уақыт шеңберіне байланысты емессіз, уақытты қалағаныңызша бөлуге болады. Біздің бүгінгі білім берудегі басты нәрсе - нәтиже. Барлық материал тәулік бойы ассимилирленсе де, кем деген де аптасына созылады.

Қашықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Мұғалімдерден, ата-аналардан және студенттерден алынған кері байланыс материалдық зерттеудің осы түрінде өзін-өзі тәрбиелеу маңызды рөл атқаратындығын көрсетеді. Шын мәнінде, сіз оларға қатысасыз. Яғни оқытушылардың ешқайсысы артта қалмайды, ешқандай көлеңкелеу және уақытша шектеулер жоқ. Біржағынан, бұл плюс – уақытты ұтымды пайдалануды үйренесіз, материалды жақсы білу керек. Бұдан басқа, ешкім процесті бақылайтын кезде оқуға оңай адамдар бар. Сіз «ядро» шәкірттерімен айталасыз. Екінші жағынан, қашықтан оқытуды ұйымдастыру жән шоғырландыру қажет. Мәселен, осындай тәрбие, ең алдымен, үлкен қиындықтарға душар болған балаларға берілуі мүмкін – оларға көңіл бөлу қиын. Әсіресе бақылау болмаған кезде. Сондай-ақ, өздігінен білім алуға бейім емес студенттер бар. Мұндай балалар әрдайым көңілді, үйренбейді. Қашықтан оқытудың артықшылығы мен кемшіліктері - бұл даулы мәселе. Бұл барлық нюанстарды мұқият зерделеуді талап етеді. Әйтпесе, сіз дұрыс емес тұжырымдар жасай аласыз. Әрине, Еуропада осындай формалар көптен бері қолданылғандықтан, Ресейде жақсы ойластырылған жүйе бар, ол нәтиже береді.

Жоғарыда айтылған артықшылықтардан басқа, студенттерді қашықтан оқыту сабақтарды басқа себептермен өткізбеуге мүмкіндік береді. Мысалы, егер студент ауырып қалса. Компьютерді